

**РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН МИНИСТЕРСТВО ВНУТРЕННИХ ДЕЛ  
АКТЮБИНСКИЙ ЮРИДИЧЕСКИЙ ИНСТИТУТ  
ИМЕНИ М. БУКЕНБАЕВА**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ  
М.БӨКЕНБАЕВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ ЗАҢ ИНСТИТУТЫ**

**AKTOBE LAW INSTITUTE OF THE MINISTRY OF INTERNAL AFFAIRS  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN NAMED AFTER  
M.BUKENBAEV**

**МИР ЗАКОНА  
№ 8 (196)**

**THE WORLD OF THE LAW  
№ 8 (196)**

**Ақтобе, 2018**

## МИР ЗАКОНА

Юридический научно-практический журнал  
Издается с 01.06.1999 г.  
Периодичность: 1 раз в месяц  
Свидетельство об учетной регистрации СМИ  
№ 544-Ж от 13.01.1999г.

### Главный редактор:

Кандидат юридических наук  
**Каракушев С. И.**

### Научный редактор:

Кандидат юридических наук  
**Сулейманова Г. Ж.**

### Редакционная коллегия:

**Ананич В. А.** — доктор исторических наук, кандидат юридических наук, профессор.

**Осипенко А. Л.** — доктор юридических наук, профессор.

**Бекишева С. Д.** — доктор юридических наук, доцент.

**Таранова Т. С.** — доктор юридических наук, профессор.

**Татарян В. Г.** — доктор юридических наук, профессор.

**Грибунов О. П.** — доктор юридических наук, доцент.

**Алиев Н. Т.** — доктор философии по праву, доцент.

**Абеуов Е. Т.** — кандидат юридических наук, доцент.

**Воронина И. А.** — кандидат юридических наук, доцент.

**Максименко Е. И.** — кандидат педагогических наук.

**Гук А. И.** — кандидат философских наук, доцент.

**Пашнин А. Н.** — кандидат юридических наук, доцент.

### Ответственный секретарь:

**Каримбаева А. К.** — магистр юридических наук.

### Технический секретарь:

**Байкунакова Г. А.** — магистр юридических наук.

## МИР ЗАКОНА

Заңгерлік ғылыми-тәжірибелік журнал  
1999ж.01.06 бастап шығарылуда  
Шығу мерзімділігі: айына 1 рет  
БАҚ-тың есептік тіркеу туралы куәлігі  
1999ж.13.01. № 544-Ж

### Бас редактор:

заң ғылымдарының кандидаты  
**С. И.Қаракушев**

### Ғылыми редактор:

заң ғылымдарының кандидаты  
**Г. Ж.Сулейманова**

### Редакциялық алқа:

**В. А.Ананич** — тарих ғылымдарының докторы, заң ғылымдарының кандидаты, профессор.

**А. Л. Осипенко** — заң ғылымдарының докторы, профессор.

**С. Д. Бекишева** — заң ғылымдарының докторы, доцент.

**Т. С. Таранова** — заң ғылымдарының докторы, профессор.

**В. Г. Татарян** — заң ғылымдарының докторы, профессор.

**О. П. Грибунов** — заң ғылымдарының докторы, доцент.

**Н. Т.Алиев** — құқық бойынша философия докторы, доцент.

**Е. Т. Абеуов** — заң ғылымдарының кандидаты, доцент.

**И. А. Воронина** — заң ғылымдарының кандидаты, доцент.

**Е. И. Максименко** — заң ғылымдарының кандидаты.

**А. И. Гук** — философия ғылымдарының кандидаты, доцент.

**А. Н. Пашнин** — заң ғылымдарының кандидаты, доцент.

### Жауапты хатшы:

**А. К. Каримбаева** — заң ғылымдарының магистрі.

### Техникалық хатшы:

**Г. А. Байкунакова** — заң ғылымдарының магистрі.

## THE WORLD OF THE LAW

The juridical scientific-practical journal  
Published since 01.06.1999.  
Periodicity: 1 time per month  
Certificate of accounting registration of the media  
№ 544-Ж of 13.01.1999

### Chief Editor:

Candidate of Juridical Science-  
**Karakushev S.I.**

### Scientific Editor:

Candidate of Juridical Science  
**Suleimanova G.Zh.**

### Editorial board:

**Ananich V.A.** — Doctor of Historical Sciences, Candidate of Juridical Sciences, Professor

**Osipenko A.L.** — Doctor of Law, Professor.

**Bekisheva S.D.** — Doctor of Law, Associate Professor

**Taranova T.S.** — Doctor of Law, Professor

**Tataryan V.G.** — Doctor of Law, Professor

**Gribunov O.P.** — Doctor of Law, Associate Professor

**Aliev N.T.** — PhD in Law, Associate Professor, PhD in Law, Associate Professor

**Abeuov E.T.** — Candidate of Juridical Sciences, Associate Professor

**Voronina I.A.** — Candidate of Juridical Sciences, Associate Professor

**Maksimenko E.I.** — Candidate of Pedagogical Sciences.

**Guk A.I.** Candidate of Philosophy, Associate Professor.

**Pashnin A.N.** — Candidate of Juridical Sciences, Associate Professor.

### Executive Secretary:

**Karimbaeva A.K.** —master of juridical sciences.

### Technical Secretary:

**Baykunakova G.A** — master of juridical sciences.

*Қ.А. Бүркімбаев — Қазақстан Республикасы ИМ М. Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты қылмыстық процесс және криминалистика кафедрасының аға оқытушысы, полиция подполковнигі*

**ӘОЖ 378**

## **КУРСАНТТАРҒА ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ ЖОЛДАРЫ**

### **THE WAY NATIONAL EDUCATION OF CADETS**

#### **ПУТИ НАЦИОНАЛЬНОГО ВОСПИТАНИЯ КУРСАНТОВ**

*Түйінде сөздер: Жолдау, рухани жаңғыру, ұлттық тәрбие, сандық Қазақстан, үш тілде білім алу, мәдени және конфессияаралық келісім, прагматизм.*

*Ключевые слова: Послание Президента, духовная модернизация, национальное воспитание, цифровой Казахстан, обучение, получение образования, 3 языка, культурное и конфессиональное соглашение, прагматизм.*

*Key words: Message of the President, spiritual modernization, national education, digital Kazakhstan, training, education, 3 languages, cultural and religious agreement, pragmatism.*

Күллі жер жүзі біздің көз алдымызда өзгеруде. Әлемде бағыты әлі бұлыңғыр, жаңа тарихи кезең басталды. Күн санап өзгеріп жатқан дүбірлі дүниеде сана-сезіміміз бен дүниетанымымызға әбден сіңіп қалған таптаурын қағидалардан арылмасақ, көш басындағы елдермен тереземізді теңеп, иық түйістіру мүмкін емес. Өзгеру үшін өзімізді мықтап қолға алып, заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз керек. ХХ ғасырдағы батыстық жаңғыру үлгісінің бүгінгі заманның болмысына сай келмеуінің сыры неде? Меніңше, басты кемшілігі — олардың өздеріне ғана тән қалыбы мен тәжірибесін басқа халықтар мен өркениеттердің ерекшеліктерін ескермей, бәріне жаппай еріксіз таңуында. Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты - сол ұлттық кодынды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай. Бірақ, ұлттық кодымды сақтаймын деп бойыңдағы жақсы мен жаманның бәрін, яғни болашаққа сенімді нығайтып, алға бастайтын қасиеттерді де, жегегесі кері тартып тұратын, аяқтан шалатын әдеттерді де ұлттық сананың аясында сүрлеп қоюға болмайтыны айдан анық. Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды. Бұл - тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы. Мен халқымның тағылымы мол тарихы мен ықылым заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік

діңі ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын. Бұл ретте, тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бірнеше бағытын атап өтер едім<sup>1</sup>. Бәсекелік қабілет Қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады. Бәсекелік қабілет дегеніміз — ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін. Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар - ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы<sup>2</sup>. Прагматизм Қанымызға сіңген көптеген дағдылар мен таптаурын болған қасаң қағидаларды өзгертпейінше, біздің толыққанды жаңғыруымыз мүмкін емес. Төл тарихымызға, бабаларымыздың өмір салтына бір сәт үңіліп көрсек, шынайы прагматизмнің талай жарқын үлгілерін табуға болады. Халқымыз ғасырлар бойы туған жердің табиғатын көздің қарашығындай сақтап, оның байлығын үнемді, әрі орынды жұмсайтын теңдесі жоқ экологиялық өмір салтын ұстанып келді. Тек өткен ғасырдың ортасында, небәрі бірнеше жыл ішінде миллиондаған гектар даламыз аяусыз жыртылды. Ықылым замандардан бері ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келген ұлттық прагматизм санаулы жылда адам танымастай өзгеріп, ас та төк ысырапшылдыққа ұласты. Соның кесірінен, Жер-Ана жаратылғаннан бері шөбінің басы тұлпарлардың тұяғымен ғана тапталған даланың барлық құнары құрдымға кетті. Түгін тартсаң майы шығатын мыңдаған гектар миялы жерлеріміз экологиялық апат аймақтарына, Арал теңізі аңқасы кепкен қу медиен шөлге айналды. Осының бәрі-жерге аса немқұрайлы қараудың ащы мысалы. Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек. Прагматизм - өзіңнің ұлттық және жеке байлығыңды нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағыңды жоспарлай алу, ысырапшылдық пен астамшылыққа, даңғойлық пен кердеңдікке жол бермеу деген сөз. Қазіргі қоғамда шынайы мәдениеттің белгісі - орынсыз сән-салтанат емес. Керісінше, ұстамдылық, қанағатшылдық пен қарапайымдылық, үнемшілдік пен орынды пайдалану көргенділікті көрсетеді. Нақты мақсатқа жетуге, білім алуға, саламатты өмір салтын ұстануға, кәсіби тұрғыдан жетілуге басымдық бере отырып, осы жолда әр нәрсені ұтымды пайдалану — мінез-құлықтың прагматизмі деген осы. Бұл - заманауи әлемдегі бірден-бір табысты үлгі. Ұлт немесе жеке адам нақты бір межеге бет түзеп, соған мақсатты түрде ұмтылмаса, ертең іске аспақ түгілі, елді құрдымға бастайтын популистік идеологиялар пайда болады. Өкінішке қарай, тарихта тұтас ұлттардың ешқашан

орындалмайтын елес идеологияларға шырмалып, ақыры су түбіне кеткені туралы мысалдар аз емес. Өткен ғасырдың басты үш идеологиясы - коммунизм, фашизм және либерализм біздің көз алдымызда күйреді. Бүгінде радикалды идеологиялар ғасыры келмесе кетті. Енді айқын, түсінікті және болашаққа жіті көз тіккен бағдарлар керек. Адамның да, тұтас ұлттың да нақты мақсатқа жетуін көздейтін осындай бағдарлар ғана дамудың көгіне темірқазық бола алады. Ең бастысы, олар елдің мүмкіндіктері мен шама-шарқын мұқият ескеруге тиіс. Яғни, реализм мен прагматизм ғана таяу онжылдықтардың ұраны болуға жарайды. Ұлттық бірегейлікті сақтау Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Оның екі қыры бар. Біріншіден, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту. Екіншіден, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту. Қазір салтанат құрып тұрған жаңғыру үлгілерінің қандай қатері болуы мүмкін? Қатер жаңғыруды әркімнің ұлттық даму үлгісін бәріне ортақ, әмбебап үлгіге алмастыру ретінде қарастыруда болып отыр. Алайда, өмірдің өзі бұл пайымның түбірімен қате екенін көрсетіп берді. Іс жүзінде әрбір өңір мен әрбір мемлекет өзінің дербес даму үлгісін қалыптастыруда. Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс. Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні - бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана. Сонымен бірге, жаңғыру ұғымының өзі мейлінше көнерген, жаһандық әлеммен қабыспайтын кейбір дағдылар мен әдеттерден арылу дегенді білдіреді. Мысалы, жершілдікті алайық. Әрине, туған жердің тарихын білген және оны мақтан еткен дұрыс. Бірақ, одан да маңыздырақ мәселені - өзіңнің біртұтас ұлы ұлттың перзенті екенінді ұмытуға есте болмайды. Біз әркім жеке басының қандай да бір іске қосқан үлесі мен кәсіби біліктілігіне қарап бағаланатын меритократиялық қоғам құрып жатырмыз. Бұл жүйе жең ұшынан жалғасқан тамыр-таныстықты көтермейді. Осының бәрін егжей-тегжейлі айтып отырғандағы мақсатым - бойымыздағы жақсы мен жаманды санамалап, теру емес. Мен қазақстандықтардың ешқашан бұлжымайтын екі ережені түсініп, байыбына барғанын қалаймын. Біріншісі — ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Екіншісі — алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек. Білімнің салтанат құруы Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу - біздің қанымызда бар қасиет. Тәуелсіздік жылдарында қыруар жұмыс жасалды. Біз он мыңдаған жасты әлемнің маңдайалды университеттерінде оқытып, дайындадық. Бұл жұмыс өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында қолға алынған «Болашақ» бағдарламасынан басталды. Елімізде өте жоғары деңгейдегі бірқатар университеттер ашылды, зияткерлік мектептер жүйесі қалыптасты. Басқа да көптеген іс тындырылды. Дегенмен, білімнің салтанаты жалпыға ортақ болуға тиіс. Оның айқын да, бұлтартпас себептері бар. Технологиялық революцияның беталысына қарасақ, таяу онжылдық уақытта қазіргі кәсіптердің жартысы жойылып кетеді. Экономиканың кәсіптік сипаты бұрын-соңды ешбір дәуірде мұншама жедел өзгермеген. Біз

бүгінгі жаңа атаулы ертең-ақ ескіге айналатын, жүрісі жылдам дәуірге аяқ бастық. Бұл жағдайда кәсібін неғұрлым қиналмай, жеңіл өзгертуге қабілетті, аса білімдар адамдар ғана табысқа жетеді. Осыны бек түсінгендіктен, біз білімге бөлінетін бюджет шығыстарының үлесі жөнінен әлемдегі ең алдыңғы қатарлы елдердің санатына қосылып отырмыз. Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді.

Халық дүниеге келген жас нәрестенің болашағын ойлап, бар жақсылықты баланың жолына бағыттап, көркем сөздерді, мақал-мәтелдерді, жаңылтпаштарды, салт-дәстүрлерді күнделікті тәрбиеде пайдаланып отырған.

Ұлттық тәрбие халықтың өмір-тіршілігімен, кәсібімен, ұлттық тәрбие дәстүрімен қоғамнан қоғамға жалғасып, дамып, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отырған.

Ата-баба мұрасын қаймағы бұзылмаған өмір тәжірибесінен алынған қалпында қолдану ұрпақ үшін өте пайдалы болмақ. Балалар өз елінің, жерінің, халқының мерей-мәртебесін биіктету үшін ұлттық тәрбиені, өзін-өзі тануды жетік білу қажет. Сондықтан да ата-бабаларымыз ұлттық тәрбиеге, салт-дәстүрге ерекше мән берген. Ұлттық тәрбиенің мағынасын терең ұғынып, болашақ ұрпағымызға, жас ата-аналарға сапалы да терең ұлттық тәрбие беруге тиіспіз. Әр отбасында өз балаларын еркелетіп, айтқанын жасап үйреткен ата-ана, енді өзінің ақылын баласы ескермейтіндей халге жетті. Осындай келеңсіз нәрселерді болдырмау үшін қолға алатын мәселе болашақ ұрпағымыздың саналы тәрбиелі болып өсуі үшін, халық болып, қоғам болып кірісуіміз қажет. Ол үшін халқымыздың ғасырдан-ғасырға қастерлеп келген құнды дәстүрлерін есімізде сақтап, санамызға құюымыз қажет.

Ата-бабаларымыздың асыл мұрасын, дәстүрлерін қастерлеуге, мақтаныш тұтуға баланы тәрбиелеуіміз қажет. Ұлттық тәрбие арқылы балалардың әдет-ғұрыптарға, салт-дәстүрлерге деген қызығушылықтары артады, халық ауыз әдебиетін қолдану арқылы балалардың тілдері дамиды, сөздік қорлары байиды, ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас қажеттілігі қалыптасады, ойлау қабілеттері дамиды.

Балаларға ұлттық салт-дәстүрлерді, оны ұйымдастыру жолын, соған байланысты бұл күнде ұмыт бола бастаған атауларды оқу іс-әрекет барысында, ертеңгіліктерде таныстыруға болады.

Халықтың өмірлік тәжірибеден түйгендерін, бастан кешкендерін, ұқыптылықпен жинаған әдет-ғұрыптарын, салт-дәстүрлерін, даналық асыл ойларын жас ұрпаққа жеткізу біздің міндетіміз. Баланың психикалық, физиологиялық денсаулығы, өмірге деген дайындығы, мәдениеттілігі, жан-жақты дамуы баланың келіп жүрген балабақшасында қолайлы жағдай болса ғана, және баланың үлкендерге деген, бір-біріне, құрбыларына деген сыйластығы, баланың ата-анасына деген адамгершілігі, ата-аналардың баласына деген түсінушіліктері жоғары деңгейде болса ғана, бала өзін жеке тұлға ретінде сезіне алады. Баламен ата-ана бір-бірімен өзара тығыз қарым-қатынасты, адамгершілік қасиеттерді меңгерсе,

жүргізілген жұмыс түрлерінен нәтиже шығатыны даусыз. «Келешектің иесі жастар», жастар өзінің ата-анасынан гөрі заманына көбірек ұқсас болып келеді. Сондықтан, қоғам талабына сай, сол қоғамды көркейтетін, дамытатын жастар тәрбиелеу ең маңызды мәселе екені белгілі. Жаңа білімнің тізгінін ұстайтын, еркін елдің ертеңгі шығармашылық кеменгерлерін тәрбиелеу. Бала бойындағы тәрбиенің бастауын ата-ана қалыптастырса, балабақшада тәрбие көзін жеткізуші-педагог болып табылады.

Адам ұрпағының өзі туралы естеліктерінің бастауында адамзаттың балалық кезеңі туралы ертегі, қиял елесіне оранған естеліктерінен тұратыны анық. Әлбетте, ол кездейсоқтық болмаса керек. Себебі, жеке адамның да, тұтас қоғамның да даму жолының бастауындағы игі құбылыстарынан ғана көзделсе керек. Осы ретте адамның да адам болып қалыптасуы балалық шақтың қандай жағдайда өтуіне байланысты. Іргетасы мығым болса ғана сарайдың еңсесі биік болады. Бұлақтың да қайнар көзі таза болса, асау өзеннің де бастау бұрқағы биіктен сарқыраса алысқа ағары мәлім ғой.

XXI ғасыр — бәсеке ғасыры, олай болса, ұлттық тарихымызды, мәдениетімізді, ата дәстүрімізді қастерлейтін, ертеңгі Қазақстанның тізгінін ұстайтын, өмірдің әр түрлі мәселелерінен хабардар, кез келген тапсырманы орындауға қабілетті, қолынан іс келетін құзыретті азаматтарды кіші жастан, яғни, мектепке дейінгі жастан бастап дайындау мақсаты тұр. Ғасырдан астам тарихы бар және әлемдік қоғамдастықта балаларға мектепке дейінгі тәрбие мен білім берудің негізгі нысаны ретінде сыннан өткен балабақша бүгін де үздіксіз білім берудің алғашқы баспалдақтардың үлгісі болып отыр. Оқу мен тәрбие егіз. Тәрбиенің негізі ұлттық тәлім - тәрбие. Тәрбие — халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәжірибесінен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, баланың қоршаған ортадағы қарым - қатынасын және соған сай мінез - құлқын қалыптастыру.

Тәрбие мәселесі адам баласының ғұмырындағы көнермейтін, өмір ағысынан ажырамайтын баға жетпес құндылық. Бала тәрбиелеу мәселесінің негізгі өзегі - өмір тәжірибесі, халықтың әдет – ғұрпы. « Әке асқар тау, ана- ағар бұлақ, бала жағадағы құрақ», — дейді дана халқымыз. Отбасындағы осы үш адамның арасындағы берік байланыс терең сүйіспеншілік мызғымастай жарасым табуы қажет. Ұлттық тәрбиенің өзегі-адамгершілік тәрбиесі. Ендеше адамгершілік тәрбиесінің ең негізгі міндеті жас ұрпақтың бойына өзі өмір сүріп отырған қоғамның алдында тұрған мақсат-мүддеге сай адамдық қасиеттерді қалыптастырып жетілдіре отырып тәрбиелеу болып табылады.

**Бұл мақаланы қорыта келе,** Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы ұрпаққа қазақи тәлім-тәрбие беру мақсатында ұсынылып отыр. Болашақ ұрпақ бойына имандылық, адамгершілік тәрбиесі, күнделікті оқу тәрбиесі жұмысының барысында жүзеге асып отырады. Тәрбиенің үлкен де қажетті бөлігі — рухани адамгершілік тәрбие. Рухани - адамгершілік тәрбие — келешек жас ұрпақтың өмірге деген шынайы көз қарасын айқындайды.

---

<sup>1</sup> Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті — Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы. [http://www.inform.kz/kz/elbasy-makalasy-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru\\_a3016293](http://www.inform.kz/kz/elbasy-makalasy-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru_a3016293).

<sup>2</sup> *Турегельдина К.К.* «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының лаборанты.

## ТҮЙІН

Бұл мақалада Қазақстан Республикасының Президенті, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың жолдауын басшылыққа ала отырып, курсанттарға ұлттық тәрбие беру жолдары туралы жазылған.

## АННОТАЦИЯ

В данной статье изложены прорывные инновационные технологические процессы воспитания курсантов в духе национальных традиций и пути становления подрастающего поколения в построении правового государства, которые изложены в послании Президента Н.А. Назарбаева народу Республики Казахстан.

## ANNOTATION

This article describes the breakthrough innovative technological processes of education of students in the spirit of national traditions and ways of formation of the younger generation in the construction of the rule of law, which are set out in the message of President N. Ah. Nazarbayev to the people of the Republic of Kazakhstan.

*А.С. Галиуллина — Қазақстан Республикасы ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты күндізгі оқу факультетінің аға оқытушы-әдіскері, полиция майоры*

## **ӘОЖ 81**

### **ҮШ ТІЛДІ МЕҢГЕРУ — ЖАРҚЫН БОЛАШАҚТЫҢ КЕПІЛІ** **УПРАВЛЕНИЕ ТРЕМЯ ЯЗЫКАМИ — ЗАЛОГ СВЕТЛОГО БУДУЩЕГО** **THE MANAGEMENT OF THREE LANGUAGES — THE KEY TO A** **BRIGHT FUTURE**

**Түйінде: сөздер:** *үштұғырлы, мемлекеттік тіл, үштілдік, ұлтаралық, инновациялық, ағылшын, ұлттық, ұрпақ, халықаралық, салт-дәстүр.*

**Ключевые слова:** *трибуна, государственный язык, трехязычие, межнациональные, инновационные, английский, национальный, поколение, международные, традиции и обычаи.*

**Key words:** *tribune, state language, trilingualism, international, innovative, English, national, generation, international, traditions and customs.*

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Қазақстан бүкіл әлем халқына үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі-мемлекеттік тіл, орыс тілі -ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі-жаһандық экономикаға ойдағыдай кіру тілі деген болатын<sup>1</sup>.

Бағдарламада атап көрсетілгендей, қазіргі уақытта үш тілді оқытудың тиімді жолдарын, әдістерін табуға көп көңіл бөлінуде. Тілді үйрету үшін оқытушыдан талап етілетін басты нәрсе-курсанттардың тілге деген қызығушылығын арттыру.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтында үш тұғырлы тілді дамыту мақсатында бірқатар іс-шаралар жүргізілуде. Атап айтсақ, институтта жедел кеңестер, мәжілістер түрлі мерекелік іс-шаралар қазақ тілінде өткізіледі. Сондай-ақ қызметкерлер арасында жүргізілетін «Қазақ тілі және шет тілі» сабақтарын өткізу жұмысы нақты жолға қойылған.

Сонымен қатар, институтта үш тілдік арнайы лингофон кабинеті бүгінгі заман талабына сай тілді үйренуге тигізер ықпалы зор аудио-бейнекассеталар, көрнекі құралдар, оқу-әдістемелік оқулықтар, стендтер, материалды-техникалық құралдармен компьютерлер, лингофондық жүйемен жабдықталуда.

Институт басшылығы тарапынан жоғарыда аталған заң талаптарының бұлжытпай орындалуына ұдайы қадағалау қойылып отырады. Қазіргі заман талабына байланысты үш тілді оқыту-курсанттардың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашылатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіндік беретін бүгінгі күнгі ең басты қажеттілігі болып табылады. Үш тілде оқыту-заман талабы десек, оның негізгі мақсаты: бірнеше тілді меңгерген, әлеуметтік және кәсіптік бағдарға қабілетті, мәдениетті болашақ ІІО қызметкерлерін тәрбиелеп, қалыптастыру.

Үштұғырлы тіл өмірдің қажеттілігі. Бұл бүгінгі елдің тыныс-тіршілігін айқындайды және жалпыға ортақ қалыпты норма болып саналады. Үш тілді қатар меңгеру бәсекеге қабілетті ПО қызметкерлерінің міндеті. Өйткені, білікті, білімді әр курсантты ғаламдық ақпараттар мен инновациялық ағынына ілесу ағылшын тілін үйренуге жетелейді. Бүгінгі білім беру жүйесі модернизацияланған заманда көп тілді меңгертуге аса назар аударылып, жан-жақты жол ашылған жүйе.

«Келешекке кемел біліммен», — деп Елбасы Н.Ә.Назарбаев ұстаным еткендей, келешекке терең біліммен қадам басып, әлемдік білім кеңістігінің құпияларына үңіліп, қоғамға бейім, өз қабілетін таныта алатын, жан-жақты дамыған, бірнеше тілді меңгерген курсанттарды оқытып, білім сусынымен сусындату басты мақсаттардың бірі. Елбасының үштұғырлы саясаты аясында шетел тілін үйрену, оның қолданыс аясын кеңейту бүгінде кезек күттірмейтін өзекті де келелі мәселелердің бірі болып отыр. Алайда «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте»,—дегендей өз тілінде еркін сөйлеп, өз тілін құрметтейтін тұлғаны баулысақ, өзге тілді қадірлейтін тұлғаны баулитынымызға көз жеткіземіз.

Біздің институт қабырғасында курсанттарға тіл үйрету мәселесі ерекше маңызға ие. Курсанттарымызға тілдің тек қана бір қатынас құралы ғана емес, ол сол халықтың тарихы, мәдениеті, өмір салт-дәстүрін, толық болмысы мен бет-бейнесін көрсететінін ұғына отырып, заң терминдері арқылы оқу үрдісінде аталған жайлар туралы пікірлерін жиі ортаға салып отырады.

Сонымен бірге заң институттың оқитын өзге ұлт өкілдері қазақ тілін үйренумен қатар салт-дәстүрін де біршама меңгерді деуге болады. Қазір кез келген курсанттан қазақ халқының салт-дәстүрі туралы сұрасаңыз, қиналмай-ақ өз білгендерін қазақша атауымен айтып береді. Өз ана тілінді қадірлемей, ел-жұртыңды сүйе алмайсың. Әр курсант ана тілінің бай қорын игерумен бірге орыс, ағылшын тілдерінің де асыл қазынасынан сусындап, оны іске асыра білгені де жөн. Елбасы өз Жолдауында: «Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз... Біз қазақ тілін жаңғыртуды жүргізуге тиіспіз... Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде. Қазақ тілі 2025 жылға қарай өмірдің барлық саласында үстемдік етіп, кез келген ортада күнделікті қатынас тіліне айналады...» дегені көпке белгілі. Сонымен қатар «Үштілділік мемлекеттік деңгейде ынталандырылуы керек. Орыс тілін білу – біздің ұлтымыздың тарихи артықшылығы екені баршаға белгілі. Біз ағылшын тілін игеруде серпіліс жасауымыз керек деген болатын. Қазіргі әлемнің осы «лингва франкасын» меңгеру біздің еліміздің әрбір азаматына өмірдегі шексіз жаңа мүмкіндіктерді ашады» деп, қазақ тілі және тілдердің үштұғырлы мәселесіне кеңінен тоқталды.

Біз өз елімізде өз ана тілімізде, қазақ тілінде сөйлеуге міндеттіміз. Өйткені, тіл – біздің қазақтығымыздың кепілі. Мемлекетіміздің мызғымас нышаны. Мемлекеттік тілге деген көзқарас өзгермей, ештеңе де өзгермейді. Қоғам мен қоғамдық сана өзгерген сайын тіл де өзгеріп отырады.

Қазіргі таңда біздің институттың профессорлық-оқытушы құрамы заман ағымына сай өздеріне жүктелген міндетті жауапкершілікпен атқаруда. Атап

айтсақ; біздің басты алған қойған мақсаттымыз әрбір курсант үш тілді қатар меңгергеннен, тіл білгеннен ешкім де ұтылмайды деген бағыт бағдар ұстануда.

Бауыржан Момышұлының сөзімен айтқанда «Тіл дегеніміз қай халықтың болмасын кешегі, бүгінгі ғана тағдыры емес, бүрсүгінгі де тағдыры. Қазақ тілі... өткірлігімен, бой балқытып, тамыр шымырлатып жан жүйенді жандырып, құлақ құрышын қандырып, ұғымына қонымды, жүрегіне тиімді... қысыл таяң қатал жағдайда қайрап, егеп сөз тапқанға қолқа жоқ дегендейін ерге, елге медет болып адам түгіл, жағдайдың көмейіне құм құйып, аузын аштырмай, үнін шығармай қоятын тіл».

Осы орайда өз іс-тәжірибемізде курсанттардың интеллектуалдық қабілетіне түрткі болатын сабақ барысында курсанттарға жаңа методиканы ойын технологиясын қолдана отырып сабақты үш тілде жүргізудің тиімділігі зор екенін айта кетсем артық болмас. Өнімді нәтиже беріп жүрген іскерлік ойындары: Мысалы: «Полиглот», 21 ғасыр көшбасшысы, «Кім тапқыр?», «Үздік тілші», «Кел, сайысайық!» сынды тағы басқа ойындарды өткізудің үштілді меңгертудегі маңызы айрықша. Сонымен қатар, тақырыптың атауы, сабақ жоспары тақтаға есте сақтау қабілеттің дамыту мақсатында латын графикасында жазылады. Курсанттарды сабақ барысында ойната отырып, үш тілде жүргізілген сөзжұмбақтар, мақал-мәтелдер, нақыл сөздерді қолдана отырып, олардың коммуникативтік құзыреттіліктері мен функционалдық сауаттылықтарын арттыру жұмыстары жүргізіледі.

Сондай-ақ, ақпараттық технологияны: электрондық оқулықтар, презентациялар, тест т.б түрлері курсанттардың пәнге деген қызығушылығын оятып, уақыттарын үнемдеуге, қосымша деректерді тиімді қолдануға түрткі болады. Менің айтпақ дегенім Алда тұрған мақсатқа жету үшін талаптану да, тырысу да өз қолымызда. Көп болып қолға алынған іс әрқашан да жүйесін табады. Алдымен қарым-қатынас тілінен бастасақ ештеңеден де ұтылмай ақпарат ағымында үш тілде сөйлей алатынымызға ешкімнің де шүбәсі болмайды. Игілікті істің ерте-кеші жоқ екенін ұмытпай, алдымен қазақ, кейін ағылшын тілін үйренсек құба-құп.

Егер біз Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қазақ тілін дұрыс жұмсай білсек, ол қоғамдағы тілге жүктелетін қажеттілігіміз болса өтеуге жарайтын бай тіл. Ұлттық өркендеп, тіліміз өз еліміздегі және халықаралық дәрежедегі позициясын нығайтқан кезде біздің сөздеріміз де өзге тілдерге енетіндігіне, тіліміздің әлемдік ақпарат кеңістігінен өз орнын иеленетіндігіне күмән келтірмеуге болады. Дәл бүгін де қазақ тілінің әлем тілдерінің ешқайсысынан да кем түспейтін, бірнеше ғасырлық даму тарихы бар, ұлттық әдеби тіл деңгейіне дейін дамып жетілген ұлы тіл екендігіне еш күмәніміз жоқ деп білемін.

Қорыта айтқанда, тіл мен қоғам бір-бірінсіз өмір сүре алмайтыны бәрімізге белгілі. Тілімізге өзіміз жанашырлық танытып, оның даму деңгейін көркейтіп, барынша ат салысуымыз қажет. Сонда ғана тіл ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, ұрпақ алдында өз дәрежесінде қызмет етуі жарқын болашақтың кепілі болмақ.

---

<sup>1</sup> *Н.Ә. Назарбаев* (Қазақстан халқына жолдауы). Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. — Астана, 2007. // <http://www.akorda.kz>.

## ТҮЙІН

Мақалада тіл мен қоғам бір-бірінсіз өмір сүре алмайтыны қарастырылған. Тілімізге өзіміз жанашырлық танытып, оның даму деңгейін көркейтіп, барынша ат салысуымыз қажет.

## АННОТАЦИЯ

В статье говорится, что язык и общество не могут жить без друг друга. Мы должны проявить свою сопричастность к нашему языку, укрепить его уровень развития и приложить максимум усилий.

## ANNOTATION

The article considers that language and society cannot live without each other. We must show our participation in our language, strengthen its level of development and make every effort.

*Гузикова В.В.* — доцент кафедры иностранных языков Уральского юридического института МВД России, кандидат филологических наук, доцент;

*Ермолаев Н.В.* — курсант 2 курса Уральского юридического института МВД России, рядовой полиции

**УДК 81**

## ВЛАДЕНИЕ ИНОСТРАННЫМ ЯЗЫКОМ КАК ПОКАЗАТЕЛЬ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ СОТРУДНИКА ПОЛИЦИИ

### ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТКЕРІНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІНІҢ КӨРСЕТКІШІ РЕТІНДЕ ШЕТ ТІЛІН БІЛУ

### A FOREIGN LANGUAGE ACQUISITION AS AN INDICATOR OF THE PROFESSIONAL COMPETENCE OF A POLICE OFFICER

**Ключевые слова:** иностранный язык, профессиональная компетенция, языковая компетенция, эмоциональные барьеры, носитель языка, навыки и умения.

**Түйінді сөздер:** шет тілі, кәсіби құзыреттілік, тілдік құзыреттілік, эмоциялық кедергілер, тіл тасушы, Дағдылар мен іскерліктер.

**Keywords:** foreign language, professional competence, language competence, emotional barriers, native speaker, skills and abilities.

Деятельность сотрудника полиции связана с обеспечением правопорядка. «Полиция предназначена для защиты жизни, здоровья, прав и свобод граждан Российской Федерации, иностранных граждан, лиц без гражданства (далее также

– граждане; лица), для противодействия преступности, охраны общественного порядка, собственности и для обеспечения общественной безопасности»<sup>1</sup>. Профессиональное обучение и воспитание квалифицированных сотрудников полиции, обладающих высокими профессионально-деловыми и личностными качествами, достигается в хорошо организованном, функционирующем образовательном и воспитательном процессе<sup>2</sup>. В данных условиях кардинально изменяются требования к иноязычному образованию. Курс обучения иностранному языку нацелен на формирование коммуникативной компетентности у будущих и действующих сотрудников полиции, необходимой для осуществления ими профессиональной деятельности, включая различные сферы и ситуации делового международного сотрудничества.

Служба в органах внутренних дел напрямую связана с общением с гражданами не только Российской Федерации, но и иностранными гражданами, прибывающими в страну в качестве туристов, совершающие деловые визиты.

В условиях глобализации современного мира роль владения иностранным языком сотрудником полиции возрастает. Актуальность данной проблемы заключается в следующем — сегодня, Российская Федерация — государство, которое по данным Росстата принимает ежегодно 25 более млн. иностранных туристов<sup>3</sup>. Более того, в сферу деятельности полиции входит обеспечение общественной безопасности и порядка на мероприятиях международного масштаба – Чемпионат мира по футболу — 2018, известный нам как «FIFA». В скором времени, а именно в 2025 году будет проводиться EXPO — 2025 – Всемирная выставка, «которая является символом индустриализации и открытой площадкой для демонстрации технических и технологических достижений»<sup>4</sup>. Такие явления в современном мире, борьба с терроризмом и организованной преступностью, как интернационализация права, делают необходимыми совместные и согласованные действия с представителями других стран. Именно поэтому сотрудникам полиции следует знать и владеть иностранным языком. Это необходимо также для улучшения качества взаимодействия сотрудников полиции с иностранными гражданами.

Реализация задачи по формированию языковой компетенции у сотрудников органов внутренних дел непосредственно связана с необходимостью изучения языка. В рамках данной работы можно предложить увеличить количество часов, выделяемых на изучение иностранного языка. Это позволит рассмотреть языковые особенности более подробно, что, в свою очередь положительно отразится на качестве изучения и освоения языка.

Несмотря на то, что многие люди годами учат иностранный язык, они не могут говорить на нем. Зачастую это происходит потому, что человек тратит большую часть времени на изучение теоретического материала. Согласно материалам электронного ресурса<sup>5</sup>, на чтение книг и выполнение различных упражнений и заданий выделяется больше времени, чем на отработку практических навыков и на формирование у сотрудников полиции коммуникативной компетенции. Взаимосвязь теории и практики осуществляется в процессе взаимного воздействия,

обеспечивающего достижение высоких профессиональных качеств полицейских. В итоге, при встрече с иностранными гражданами полицейский не сможет установить эффективный коммуникативный контакт.

Целесообразно для повышения квалификационного уровня привлекать для обучения иностранному языку «носителей языка».

Данный подход позволит будущим и действующим сотрудникам полиции эффективно отрабатывать практические навыки владения иностранным языком. Общение с носителем языка будет способствовать улучшению понимания произносимых иностранцами слов и выражений. В результате сотрудник полиции сможет понять то, что хотят донести до него иностранные гости. Таким образом, нюансы произношения не будут вызывать никакого затруднения в понимании.

Важно привлекать для практической работы с сотрудниками полиции высококвалифицированных преподавателей иностранного языка. Например, для обучения английскому языку необходимый уровень — UpperIntermediate–Advanced, согласно европейской шкале уровней владения иностранными языками. Данный способ будет альтернативой при невозможности пригласить носителя языка.

Однако не только грамматические и лексические проблемы препятствуют изучению языка. Существуют также и эмоциональные барьеры. «Эмоциональные барьеры прежде всего ассоциируются с повышением тревожности обучаемого на фоне личных отрицательных эмоций, неуверенностью в своих способностях говорить на иностранном языке, боязнью сделать ошибку или создать дискомфорт в группе, заставив всех ждать из-за неумения быстро ответить на вопрос»<sup>6</sup>.

Самый главный барьер — неуверенность в себе. Все мы люди, сотрудники полиции — не исключение. Но большинство людей говорят не столько правильно, сколько уверенно. Они не боятся ошибиться. И для решения данной проблемы необходима консультация квалифицированных психологов. Исходя из опыта зарубежных психотерапевтов, для решения проблемы можно использовать комплексы простых психологических упражнений. Они не заметны окружающим людям, но обладают высокой эффективностью.

Таким образом, перечисленные методы и подходы могут иметь положительный результат в процессе формирования профессиональных компетенций у будущих и действующих сотрудников полиции.

---

<sup>1</sup> Федеральный закон от 07.02.2011 №3-ФЗ «О полиции». — М.: Проспект, 2011. — 80 с.

<sup>2</sup> *Кравчук Л.С., Навроцкая И.Н., Земляков В.Д.* О роли иностранного языка в формировании профессиональной компетенции // Образование и педагогические науки. — 2015. — Т.7. — Ч.2. — С. 275–277.

<sup>3</sup> Статистические данные по РФ. // [www.russiatourism.ru/content/8/section/82/detail/4508/](http://www.russiatourism.ru/content/8/section/82/detail/4508/).

<sup>4</sup> Информация об Expo 2025. // [www.russianexpo2017.ru/about/expo](http://www.russianexpo2017.ru/about/expo).

<sup>5</sup> Советы и секреты по изучению английского языка. // [www.easyspeak.ru/blog/sovety-i-sekrety-izucheniya](http://www.easyspeak.ru/blog/sovety-i-sekrety-izucheniya).

<sup>6</sup> *Шепеленко Т.М.* Психологические аспекты изучения иностранных языков // Вестник ПНИПУ. Проблемы языкознания и педагогики. — 2017. — № 1 — С. 117-125.

## АННОТАЦИЯ

В данной статье речь пойдет о важности изучения иностранного языка сотрудниками полиции, как об одном из аспектов формирования и развития профессионально-важных практических навыков и умений.

## ТҮЙІН

Бұл мақалада кәсіби-маңызды практикалық дағдылар мен іскерлікті қалыптастыру және дамыту аспектілерінің бірі ретінде полиция қызметкерлерімен шет тілін оқытудың маңыздылығы туралы сөз болады.

## ANNOTATION

This article will focus on the importance of learning a foreign language by police officers, as one of the aspects of the formation and development of professionally important practical skills.

*Дельманов С.С. — адвокат Актыубинской областной коллегии адвокатов  
УДК 343*

## К ВОПРОСУ О ТЕОРЕТИЧЕСКИХ АСПЕКТАХ ТОЛКОВАНИЯ И ПРИМЕНЕНИЯ СТАТЬИ 347 УГОЛОВНОГО КОДЕКСА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ КОДЕКСІНІҢ 347-БАБЫН ТҮСІНДІРУ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ ТУРАЛЫ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТЕР

## TO QUESTION ABOUT THEORETICAL ASPECTS INTERPRETATIONS AND APPLICATIONS OF THE ARTICLE 347 of CRIMINAL CODE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

*Ключевые слова:* уголовное законодательство, гуманизация, состав преступления, декриминализация, уголовная ответственность, дорожно-транспортное происшествие, оставление места дорожно-транспортного происшествия, обязанность доказывания.

*Түйінді сөздер:* қылмыстық заңнама, гуманизация, қылмыс құрамы, декриминализация, қылмыстық жауапкершілік, жол-көлік оқиғасы, жол-көлік оқиғаның орыннан кетіп қалу, дәлелдеу міндеті.

*Key words:* criminal statute, humanization, body of a crime, decriminalization, criminal responsibility, road traffic accident, abandonment of site of road and transportation occurrence, burden of proof.

В настоящий период, законодательство нашей республики совершенствуется и государство наглядно демонстрирует политику гуманизации нашей правовой системы, приводя ее к общепризнанным международным стандартам. В качестве

примера хотелось бы привести такие изменения в законодательстве, как мораторий на смертную казнь, введение суда присяжных заседателей, а также принятие нового Уголовного кодекса Республики Казахстан<sup>1</sup> (далее — УК РК), в котором декриминализованы отдельные составы преступлений. Хотелось бы также отметить, что дискуссия в области данной темы, а именно темы гуманизации нашего уголовного законодательства затронула не только теоретиков в области права, но и практикующих юристов, поэтому, предлагается обсудить теоретический и практический аспекты одного из составов преступления действующего уголовного права.

Так глава 14 действующего УК РК («Транспортные уголовные правонарушения») содержит в себе статью 347 «Оставление места дорожно-транспортного происшествия», а именно: «Оставление места дорожно-транспортного происшествия лицом, управляющим транспортным средством и нарушившим правила дорожного движения или эксплуатации транспортных средств, в случае наступления тяжких последствий, предусмотренных статьями 345, 346 настоящего Кодекса, — наказывается...

*Примечание. Лицо, оставившее место дорожно-транспортного происшествия в связи с оказанием помощи пострадавшим, освобождается от уголовной ответственности по настоящей статье.*

Данная норма была введена в ранее действовавший УК РК, принятый 16 июля 1997 года<sup>2</sup>, а именно содержалась в ст. 297 «Оставление места дорожно-транспортного происшествия» и поэтому криминализация данного деяния вызывает ряд вопросов у практиков. Например, насколько она соответствует принципам и сути уголовной ответственности. Если внимательнее присмотреться, то получается, что введена уголовная ответственность (в ст. 611 КоАП РК<sup>3</sup> содержится аналогичная норма «Оставление места дорожно-транспортного происшествия») за отказ водителя содействовать органу уголовного преследования в предстоящем расследовании произошедшего дорожно-транспортного происшествия (далее — ДТП), а именно — на лицо, управляющее транспортным средством, которое нарушило правила дорожного движения или эксплуатацию транспортного средства (хотя ни то, ни другое еще не доказано), автоматически возлагается обязанность сохранить доказательства своей же вины, под угрозой уголовного наказания, которым непременно воспользуется лицо, ведущее производство по уголовному делу, т.е. дознаватель.

Согласно пп. 8 п.1 гл.2 ПДД РК<sup>4</sup>, в которых установлены обязанности водителя, причастного к ДТП и подробно перечислены его действия в случае его наступления (Аналогичные положения содержит и ст. 54 Закона РК «О дорожном движении» от 17.04.2014 года<sup>5</sup>). Одной из обязанностей водителя является немедленная остановка транспортного средства на месте ДТП. Допускается передвижение транспортного средства для освобождения проезжей части, если движение других транспортных средств невозможно, или для доставки пострадавших на своем транспортном средстве в лечебное учреждение. В этом случае водитель обязан в присутствии свидетелей зафиксировать положение транспортно-

го средства, следов, предметов, имеющих отношение к ДТП, и принять возможные меры к их сохранению. Необходимо отметить, что оставление места происшествия для доставления пострадавшего в лечебное заведение допускается только в экстренных случаях, когда отправить пострадавшего на попутном транспортном средстве невозможно. Водитель транспортного средства, являющийся участником ДТП, после доставления пострадавшего в лечебное заведение обязан возвратиться на место ДТП. Во всех остальных случаях оставление места ДТП является правонарушением.

Между тем, в пп.7 п.3 ст. 77 Конституции РК<sup>6</sup>, которая имеет высшую юридическую силу и прямое действие на всей территории Республики (п. 2 ст. 4 Конституции РК) сказано, что никто не обязан давать показания против самого себя... Если исходить из буквального смысла данной нормы, то формально здесь идет речь только о даче показаний, что в принципе полностью соответствует ст.ст. 64 и 65 Уголовно-процессуального кодекса Республики Казахстан (далее — УПК РК)<sup>7</sup>. Однако в Конституции (п. 6 ст. 77) и УПК РК (ч. 2 ст.ст. 19 и 122) есть еще и нормы, которые возлагают бремя доказывания только на орган уголовного преследования. Об этом же идет и речь в научно-правовом комментарии к Конституции РК (Под ред. Г. Сапаргалиева)<sup>8</sup>: «В конституционной норме и уголовно-процессуальном законе специально подчеркнуто, что обязанность доказывания не может быть переложена на обвиняемого». Т.е. здесь рассматривается не только буквальный смысл рассматриваемого акта, но и смысл, который придается официальным или иным толкованием (в нашем случае доктринальным), а также сложившейся в результате правоприменительной практики.

Если исходить из этого, то получается, что уголовный закон, закрепляя обязанность водителя, управляющего транспортным средством и нарушившего правила дорожного движения или эксплуатации транспортного средства, под угрозой наказания предоставить все доказательства своей вины предстоящему расследованию, — противоречит не только Конституции и УПК РК, а именно задачам уголовного процесса, изложенным в ст. 8 (т.е. касающегося раскрытия преступления и изобличению лица его совершившего). Ведь схема ДТП, протокол осмотра места происшествия, само транспортное средство, а также различные экспертизы, проведенные на основе указанных доказательств, согласно ст. 111 УПК РК, будут являться доказательствами по уголовному делу. Соответственно, обязанность остаться на месте преступления является уголовно-обеспечительной мерой: первое – для установления личности подозреваемого; второе – для получения, таким образом, необходимых доказательств в целях привлечения этого лица в дальнейшем к ответственности.

